

2011 жылға арналған басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесін, көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарына қажетті жанар-жағар май мен басқа да тауарлы материалдық құндылықтардың құнын арзандатуға субсидия нормативтерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Астана қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 7 шілдедегі № 41-628қ Қаулысы. Астана қаласының Әділет департаментінде 2011 жылғы 9 тамызда нормативтік құқықтық кесімдерді Мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 690 болып енгізілді. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 22 ақпандағы № 102-200 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 22.02.2012 № 102-200 қаулысымен.

Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 27-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, «Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 қаулысымен бекітілген Ережесінің 6-тармағына сәйкес Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1 . М ы н а л а р :

1-қосымшаға сәйкес 2011 жылға арналған басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесі;

2-қосымшаға сәйкес көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті жанар-жағар май материалдары мен басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын арзандатуға субсидия нормативтері;

3-қосымшаға сәйкес отандық өндірушілер өткізген 1 тонна (литр, килограмм) минералдық тыңайтқыштардың субсидиялау нормативтері бекітілсін.

2. «Астана қаласының Ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесінің бастығы осы қаулыны кейіннен бұқаралық ақпарат құралдарында жариялаумен әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары Қ.Т.Сұлтанбековке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

И. Тасмағамбетов

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрі

А.С.Мамытбеков

2011 жылғы 27 маусым

Астана қаласы әкімдігінің
2011 жылғы 7 шілдедегі
№ 41 - 628 қ қаулысына
1-қосымша

**2011 жылға арналған басым ауыл шаруашылығы
дақылдарының тізбесі**

Р / с №	Басым ауыл шаруашылығы дақылдарының атаулары
1.	Аймақтық ғылыми негізделген агротехнологияларды сақтай отырып өсірілген дәнді дақылдар (жаздық бидай, арпа)
2.	Дәнді дақылдар (базалық бюджеттік субсидиялар нормасы), (жаздық бидай, арпа)
3.	Жемшөптік дақылдар (өткен жылдарда егілген көпжылдық шөптерді қоспағанда), (сүрлемге немесе пішенге егілетін дақылдар)
4.	Картоп
5.	Көкөністік-бақша дақылдары (көкөніс дақылдарының барлық түрлері)
6.	Көкөністік-бақша дақылдары, өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйелерін қолдана отырып өсірілген жағдайда(көкөніс дақылдарының барлық түрлері)
7.	Жабық топырақтағы көкөністер (бір дақыл айналымы) жыл бойына бірнеше дақыл айналымы болуы мүмкін

Астана қаласы әкімдігінің
2011 жылғы 7 шілдедегі
№ 41 - 628 қ қаулысына
2-қосымша

**Көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті
жанар-жағар май материалдары мен басқа да тауарлық - материалдық
құндылықтардың құнын арзандатуға субсидия нормативтері**

Р / с №	Басым ауыл шаруашылығы дақылдарының атаулары	Бюджеттік субсидиялардың 1 гектарға нормативі, теңге	Басым дақылдарын егістерін қабылдау мерзімі
1.	Аймақтық ғылыми негізделген агротехнологияларды сақтай отырып өсірілген дәнді дақылдар	2 600	2011 жылдың 27 маусымына дейін
2.	Дәнді дақылдар (базалық бюджеттік субсидиялар нормасы)	1 700	2011 жылдың 27 маусымына дейін
3.	Жемшөптік дақылдар	1 650	2011 жылдың 27 маусымына дейін

4.	Картоп	12 000	2011 жылдың 27 маусымына дейін
5.	Көкөністік-бақша дақылдары	28 700	2011 жылдың 27 маусымына дейін
6.	Көкөністік-бақша дақылдары, өнеркәсіп үлгідегі тамшылатып суару жүйелерін қолдана отырып өсірілген жағдайда	31 700	2011 жылдың 27 маусымына дейін
7.	Жабық топырақтағы көкөністер (бір дақыл айналымы)	1 300 000	жыл соңына дейін

А с т а н а қ а л а с ы ә к і м д і г і н і ң
2 0 1 1 ж ы л ғ ы 7 ш і л д е д е г і
№ 4 1 - 6 2 8 қ қ а у л ы с ы н а
3-қосымша

Отандық өндірушілер өткізген 1 тонна (литр, килограмм) минералдық тыңайтқыштардың субсидиялау нормативтері

Р/с №	Субсидияланатын минералды тыңайтқыштар түрлері	Минералды тыңайтқыштардың 1 тоннасының (литрінің, килограммының) бағасын арзандату пайызы, дейін	Өткізілген 1 тонна (литр , килограмм) минералды тыңайтқыштарды субсидиялау нормативі, теңге	Минералды тыңайтқыштарды қолдау мерзімі
1.	Аммиак селитрасы (N-34,4 %)	50	24 350	вегетациялық кезеңде